



QARAJANBAS

№10 • ҚАЗАН • 2023



«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ҮЗДІК АТАНДЫ



Астанада «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес кәсіпорындарының Бас директорлар форумы өтті. «Қауіпсіздік мәдениетін дамытудағы көшбасшылық» тақырыбына арналған шарада өндіріс қауіпсіздігіне, еңбек және қоршаған ортаны қорғауға ерекше үлес қосқан жұмысшылар мен көшбасшы компаниялар анықталды.

«Бүгінде ҚазМұнайГаз қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға және бізбен жұмыс істейтін кез келген адамның денсаулығын қорғауға, сондай-ақ кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің экологиялық тұрақтылығын сақтауға басымдық береді. Біз үшін бұл құндылықтар үлкен маңызға ие», — деп атап өтті ҚМГ Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиев.

Жиында ҚМГ-ға қарасты компаниялар мен еншілес кәсіпорындарының қызметкерлері өндіріс қауіпсіздігіне, еңбек және қоршаған ортаны қорғау ісіне қосқан үлесі үшін марапатталды. Ал «Қаражанбасмұнай» АҚ өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша үздік деп танылды. Айта кетейік, ҚБМ өрт автоматикасы құралдарын жаңарту және өртке қарсы қызметтің материалдық-техникалық базасын жақсарту бағытында қарқынды жұмыс жүргізіп келеді.

ҚБМ-нан бөлек өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және кәсіпорынның барлық өндіріс алаңдарында үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету бойынша «Павлодар

БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР:

- 2-3 бет** КӘСІПОДАҚ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ
10 ҚАЗАН – ҚР КӘСІПОДАҚТАР КҮНІ
- 4 бет** ҚАРАЖАНБАС ЖАСТАРЫНЫҢ ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТІ
КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ
- 5 бет** РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ МЕРЕКЕЛІК МАРАПАТ
МҰНАЙШЫЛАРҒА МЕРЕКЕЛІК МАРАПАТ
- 6 бет** КАЙДЗЕН – ҮЗДІКСІЗ ДАМУ ҚҰПИЯСЫ
МЫҚТЫ ТӘЖІРИБЕ - КӘСІБИ ШЫҢДАЛУ КЕПІЛІ
- 7 бет** ҚАРАЖАНБАСТЫҚ БЕЙБІТ ТІЛЕГЕН ТАЛАНТТАР БАЙҚАУЫНДА ҮЗДІК АТАНДЫ
- 8 бет** МЕРЕЙІ ҮСТЕМ МҰНАЙШЫ АБЫРОЙЛЫ ЕҢБЕКПЕН ҚҰРМЕТТІ ЗЕЙНЕТКЕ
- 9 бет** АДАЛ ЕҢБЕК АБЫРОЙҒА БӨЛЕЙДІ
КЕН ОРНЫ ТАЗАЛЫҒЫ МҰНАЙШЫЛАР НАЗАРЫНДА
- 10 бет** ҚАРАЖАНБАС ЖЕЛҰАҚТАРЫ АНЫҚТАЛДЫ
«KMG RUN DAY»: ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫСЫ ҮЗДІК ҮШТІКТЕ!
- 11 бет** «ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» КОМАНДАСЫ ФУТБОЛ ЛИГАСЫНЫҢ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА
- 12 бет** «ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» КОМАНДАСЫ ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ЖОҒАРЫ ЛИГА ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ

мұнай-химия зауыты» ЖШС, теңіздегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС, қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы үздік көрсеткіштері үшін «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС, көлік қауіпсіздігін бағытында үздік нәтиже көрсеткен «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС және қоршаған ортаны қорғауға қосқан үлесі үшін «Ембімұнайгаз» АҚ марапатқа ие болды.

Қауіпсіздік – ҚМГ-ның басты корпоративтік құндылығы. Сондықтан Ұлттық компания 2022 жылы Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) «Өмірлік маңызы бар ережелерін» қабылдады.

10 ҚАЗАН – ҚР КӘСІПОДАҚТАР КҮНІ

Елімізде жыл сайын 10 қазан күні жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы алтын көпір саналатын Кәсіподақтар күні ататып өтеді. Мерекеге орай Қаражанбас кен орнының мәдени-демалыс орталығында ІІ вахта жұмысшыларына арналған салтанатты шара ұйымдастырылды. Алдымен ҚБМ Басқармасы мен қос кәсіподақ төрағасы мұнайшыларды мерекемен құттықтап, атқарып жүрген адал қызметіне табыс тіледі.

Одан соң 50-ден астам жұмысшыға салалық кәсіподаққа сіңірген еңбегі мен ұйымның дамуына қосқан үлесі үшін марапаттар табысталды. Қаражанбастықтар Қазақстандық мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы, Маңғыстау

облысының кәсіподақтар орталығы, ҚБМ қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы атынан медальдар, құрмет грамоталары мен алғыс хаттарға ие болды.

Салтанатты шара мереке қарсаңында өткізілген спорттық жарыстар жеңімпаздарын марапаттаумен жалғасты. ІІ вахта мұнайшылары арасынан шағын футбол, волейбол, үстел теннисі, бильярд, арқан тарту, қол күрес, кір тасын көтеру бойынша үздіктерге мақтау қағаздары, кубоктар мен сыйлық сертификаттары табыс етілді.

Жарқын мереке өлке өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жарасым тапты.



КӘСІПОДАҚ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ



ҚР Кәсіподақтар күні қарсаңында Қаражанбастағы ІІ вахтаның еңбек ұжымына «Мақтанышым-мұнайшы!» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Шараға «Қаражанбасмұнай» АҚ Басқармасы, Өндірістік басқарма директоры, компаниядағы қос кәсіподақ төрағасы және жұмысшылар қатысты. Алғаш боп сөз алған ҚБМ Бас директоры Нұрсейіт Союнов мұнайшыларды мерекемен құттықтап, ел ырысын еселеу жолындағы жұмысшылардың адал еңбегін ерекше атап өтті. Ал «ҚБМ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы Орынбек Сатыбалдиев ұйым жұмыс берушімен де, қызметкерлермен де кәсіби әріптестік қарым-қатынас орнатып, жұмысты жүйелі жүргізуге әрқашан дайын екенін жеткізді.

«Кәсіподақ жұмысшылар құқығын қорғай отырып, олардың жұмыс беруші тарапынан лайықты көмекпен әлеуметтік кепілдіктер алуын қамтамасыз етуде елеулі еңбек сіңіріп келеді. Ал жүрегі мейірімге толы кәсіподақ мүшелері қайырымдылық шараларына ұйытқы болып жүр. Біз әрдайым қаражанбастық мұнайшылардың мерейі үстем болу үшін қызмет етеміз. Мереке құтты болсын!», - деді О. Сатыбалдиев.

Бұдан соң кәсіподақ жұмысын дамытуға үлес қосқан бірқатар қызметкерге құрмет көрсетілді. Нақтырақ айтсақ 50-ден астам қаражанбастыққа қазақстандық мұнай-газ кешені салалық кәсіптік одағы атынан мерекелік медаль, құрмет грамоталары және алғыс хаттар табыс етілді. Оған қоса

Маңғыстау облыстық кәсіподақтар орталығының құрмет грамотасы мен ҚБМ кәсіподағы төрағасының алғыс хаттары мұнайшылар мерейін өсірді.

Салтанатты шара кәсіподақ күніне орай жұмысшылар арасында өткен спорт жарыстарының жеңімпаздарын марапаттаумен жалғасты. Қызметкерлер бір апта бойы шағын футбол, волейбол, үстел теннисі, бильярд, арқан тарту, қол күрес, кір тасын көтеру жарыстарында бақ сынап, үздіктерді анықтады.

Мерекелік кеште мұнайшыларды құттықтай келген өңірдің өнер иелері – Тұрғанбай Жайлаубаев, «Самға» тобы, Аида Байгелова, Мәлік Жамбылұлы ән шырқады. Жұмысшылар танымал хит туындыларды тыңдап, концерттен жағымды әсермен тарқасты.

ҚАРАЖАНБАС ЖАСТАРЫНЫҢ ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТІ

1 қазан - Халықаралық қарттар күніне орай «Қаражанбасмұнай» АҚ «Жас маман кеңесі» мүшелері облыстық қарттар үйіндегі ата-әжелерге құрмет көрсетті. Мұнайшылар мереке иелерін Ақтаудың көрікті жерлеріне қыдыртып, мәдени орындарға экскурсия жасады.

Қариялар алдымен мәңгілік алауға барып, батырларға тағзым етті. Одан

соң облыстық өлкетану музейі мен жаңа кітапханада қонақ болды. Ата-әжелер көрме залдарын аралап, сан ғасырлық тарихты бойына сіңірген жәдігерлермен танысты.

«Біздің мұнайшылар қайырымдылық шаралары мен акциялар өткізуге ерекше атсалысады. Осы жолы да ата-әжелеріміздің көңіліне қуаныш ұялатып, бой сергітуге үлес қосуға тырыстық.



КӘСІПОДАҚ МҰШЕЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ



«Қаражанбасмұнай» АҚ орталық аппарат қызметкерлері кәсіподақ күніне орай марапатқа ие болды. Салтанатты шараға ҚБМ Бас директоры Нұрсейіт Союнов, «ҚБМ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы Орынбек Сатыбалдиев қатысты.

Компания басшылығы алдымен мұнайшылардың құқықтары, еңбек қауіпсіздігінің сақталуы және жұмысшылардың тұрақты жалақы мен әлеуметтік кепілдіктер алуын қамтамасыз ету жолындағы кәсіподақ рөлін атап өтті. Бұдан соң ұйым жұмысын жан-жақты дамытуға атсалысқан 10-нан астам жұмысшыға алғыс хаттар табыс етілді.

Айта кетейік «ҚБМ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» мүшелерінің саны 2000-нан асады. Олар белгіленген мерзімге сай әлеуметтік көмек алып, түрлі деңгейдегі жобаларға қатысады. Осылайша, кәсіподақ ұйымы жұмыс беруші мен қызметкерлер арасында тұрақты да берік байланыстың сақталуын қамтамасыз етіп келеді.

Қарттар - қазынамыз! Мереке құтты болсын!», - деді «Жас маман кеңесі» төрағасы Айбек Ұлықпанов.

Игі шара салтанатты түскі аспен жалғасты. Мұнайшы жастар жиналғандарға әннен шашу шашып, күй шертті. Қаражанбастықтардың құрметіне бөленген қариялар алғысын жаудырып, ақ батасын берді.

РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ МЕРЕКЕЛІК МАРАПАТ



«Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшылары Ұлттық мереке – Республика күнінде құрметке бөленді. Компания басшылығы ел ырысын еселеу жолында елеулі еңбек етіп жүрген мұнайшыларды мерекемен құттықтап, қазыналы Қаражанбасты жан-жақты дамытуға қосқан үлесі үшін алғыс білдірді.

Бұдан соң орталық кеңсе қызметкерлеріне Маңғыстау облысы әкімінің алғыс хаттары табыс етілді. Дәл осындай марапат кен орны жұмысшыларының да мерейін өсірді. Ұлттық мерекеде компания атын асқақтатып, Әлемдік аренада Қазақстаннамысынабыройлықорғаған чемпиондар да марапатталды. Айта кетейік, биыл самбодан Оралда және кір тасын көтеруден Өзбекстанда өткен

додада қаражанбастық мұнайшылар шашасына шаң жұқтырмай, жеңіс тұғырынан көрінген еді.

«Елімізде қайта жаңғырған мереке – Республика күні ел тарихындағы жарқын оқиғалардың бірі. Айтулы күні еңбегіміз еленгеніне бек қуаныштымыз. Адал еңбек ошағымыз - Қаражанбастың қарыштап дамуы үшін аянбай еңбек етуге әрқашан дайынбыз! Мереке құтты болсын!», - деді марапат иелері.

МҰНАЙШЫЛАРҒА МЕРЕКЕЛІК МАРАПАТ

25 қазан - Республика күні мен Ақтау қаласының 60 жылдығына орай «Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшыларына құрмет көрсетілді. Компания басшылығы қара алтын өндіру саласының дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан мұнайшыларды қос мерекемен құттықтап, қаражанбастықтардың адал еңбегі мен жоғары кәсібилігін атап өтті.

Орталық кеңсе мен кен орнында жұмыс істейтін 40-тан астам жұмысшы «Самұрық - Қазына» АҚ мен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мерекелік төсбелгісі, Құрмет грамоталары мен Маңғыстау облысы әкімінің алғыс хаттарымен марапатталды. Бұдан бөлек Ақтау қаласының әкімі Ұлықбек Тналиев мұнайшыларды арнайы қабылдап, «Ақтау қаласына 60 жыл» мерекелік медалін табыс етті. Шаһар басшысы өндірісті өрге өрлетіп жүрген қызметкерлерге шынайы алғысын білдіріп, толағай табыс тіледі.

«Қазыналы өлкедегі мұнай өндірісінің алға басуына әр жұмысшының қосатын үлесі зор. Еңбегімізді елеп, алғысын білдіріп жатқан басшыларға көп рақмет. Кез келген марапат – жұмыс нәтижесінің еселенуі мен жетістікке ұмтылуға талпыныс сыйлайды. Артылған сенім мен үмітті ұжым болып ақтауға бар күш-жігерімізді саламыз», - деді марапат иелері.




КАЙДЗЕН – ҮЗДІКСІЗ ДАМУ ҚҰПИЯСЫ

«Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшылардың кәсіби біліктілігін арттырып, мамандардың бәсекеге қабілетті болуына ерекше назар аударады. Осыған орай құрылымдық бөлімшелер басшылары қызмет барысында стратегияны сәтті құру, жұмысты тиімді ұйымдастыру және уақытты ұтымды пайдалану бойынша білімін толықтырып жатыр.

Мұнайшыларға танымал тренер әрі сарапшы Құмар Мұсаев «Кайдзен негіздері» тақырыбы бойынша дәріс оқып, тың техникаларды түсіндірді. Тренинг барысында спикер ұжымдық жұмыс, моральдық рух, туындаған идеяларды сәтті жүзеге асыру тенденцияларын таныстырды. Екі күндік оқыту бағдарламасына сәйкес, департамент директорлары мен бөлім басшылары тәжірибелік тапсырмалар орындау арқылы тиянақтылық пен реттілікті сақтай отырып, оң нәтижеге төте жолмен жету құпияларын меңгерді.

«Бәріміздің мақсатымыз – компанияның алдағы жоспарларын сәтті орындап, көздегенімізге қол жеткізу үшін табысты еңбек ету. Осы жолда нақты қадамдар жасау мен нәтижеге жету бағытымыз айқындала түсті. Оқыту барысында әріптестермен пікір алмасып, ойларымызды ортаға салдық. Алған біліміміз тәжірибеде міндетті түрде кәдеге жарайтынына кәміл сенеміз», - деп атап өтті оқытуға қатысушылар.



МЫҚТЫ ТӘЖІРИБЕ - КӘСІБИ ШЫҢДАЛУ КЕПІЛІ



«Қаражанбасмұнай» АҚ мен «Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум аясында университет және колледж студенттері үшінші жыл қатарынан Қаражанбас кен орнында тәжірибеден өтіп келеді. Биылғы оқу жылында тағы 16 студент тәжірибеге бағытталған оқыту жобасы арқылы теориялық білімін пайдаланып, өндірістік объектілерде тәжірибесін дамытады.

Қаражанбастық білікті мамандар колледж бен университеттің 3-4 курс студенттеріне жетекшілік етіп, мұнай өндіру, мұнай дайындау және айдау, бу өндіру, қабат қысымын ұстау, пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу цехтарындағы қызу қызметке машықтандырады. Тәжірибеден өтушілер технологиялық процестерге қатыса отырып, мұнай және газ өндіру операторы, тауар операторы, химиялық су тазарту аппаратшысы, слесарь-жөндеушілер қызметінің қыр-сырымен танысады.

«Тәжірибемізді Қаражанбас сияқты қазыналы кен орнында дамытып жатқанымызға қуаныштымыз. Мұндағы өз ісінің

шеберлері келген сәттен бастап бізді жақсы қарсы алып, білгенін үйретіп жатыр. Бұл біздің болашақта мықты маман болып қалыптасуымыз үшін берілген керемет мүмкіндік», - деді тәжірибеден өтушілер.

Студенттер оқу жылының соңына дейін мұнайшылармен бірге вахталық әдіспен жұмыс істейді. Айта кетейік, осы уақытқа дейін білім ошағының 100-ге жуық студенті Қаражанбаста білімі мен тәжірибесін шыңдады.



ҚАРАЖАНБАСТЫҚ БЕЙБІТ ТІЛЕГЕН ТАЛАНТТАР БАЙҚАУЫНДА ҮЗДІК АТАНДЫ



Ұлттық мереке - Республика күні қарсаңында елордада «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 15 жылдығына орай ұйымдастырылған таланттар байқауы мәреге жетті. Тартысты бәсекеде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның намысын қорғаған «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) бу өндіру цехының машинисі Бейбіт Тілеген үздіктер қатарынан көрінді.

Жарыста «Самұрық-Қазына» қорына қарасты 17 мекеменің 37 жұмысшысы вокал, айтыс және бейнелеу өнері аталымдары бойынша бақ сынады. Негізгі қызметі мен шығармашылық қабілетін қатар дамытып жүрген талант иелері Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген қатысушылар арасынан үздік атануға барын салды.

Қаражанбастық Бейбіт Тілеген қылқалам мен майлы бояуды бала кезінен серік етіп келеді. Осылайша ол қиялындағы кез келген көріністі картинаға айналдыруды әдетке айналдырған. Бұл жолғы жарыста да Бейбіт тақырыпқа сай туындысын мұқият әрі жылдам бейнелеп шықты. Картина қазылардың оң бағасынан үлесті болып, I орынға лайық деп танылды.

«Бейнелеу өнері ерекше көзқарасты, ұшқыр қиялды, талғампаздық пен тиянақтылықты талап етеді. Мен үнемі назарыма іліккен әдемі көріністі жадымда сақтап, тың туындыға айналдыруға тырысамын. Еліміз үшін айтулы мереке қарсаңында талантым бағаланып, картинамың үздік деп танылғанына бек қуаныштымын!», - деді қылқалам шебері.

Салтанатты марапаттау рәсінде жеңімпазға диплом, арнайы кубок пен сыйлық сертификаты табыс етілді. Айта кетейік, Қаражанбаста Бейбіт Тілегеннің картиналарынан талай рет көрме ұйымдастырылды. Мұнайшының өндіріс өмірін суреттеген туындылары кен орнындағы мәдени демалыс орталығы дәлізінің ажарын ашып тұр.



МЕРЕЙІ ҮСТЕМ МҰНАЙШЫ



Бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу мамандарының халықтың басты байлығы – қара алтын игеруге қосқан үлесі көл-көсір. Өндірістің жетекші рөл атқаратын саласында еңбек ететін әр жұмысшының қызметі қызық пен қиындыққа толы. Ғұмырын жеті қат жер астынан мұнай өндіретін ұңғымалардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етумен байланыстырған кезекті кейіпкеріміз – Бұрғылау және ұңғымаларға жерасты күрделі жөндеу департаментінің аға шебері Жарылғасын Шахарбаев.

Білікті мұнайшы осыдан 35 жылға жуық уақыт бұрын қазыналы Қаражанбасқа алғаш рет қадам басқан. Еңбек жолын қатардағы слесарьдан бастаған ол білімін шыңдап, тәжірибесін толықтырып, бүгінде бірнеше бригаданың жұмысын бақылайтын аға шеберге айналды. Жұмыс топтарының қызметін тиімді ұйымдастырып, берілген тапсырманың тиянақты орындалуын қадағалау – Жарылғасынның басты міндеті.

«Еңбек ерді шыңдайды. Қаражанбас біздің маман ретінде жетілген мектебіміз деп сеніммен айта аламын. Мұндағы

өндіріске жыл сайын заманауи технологиялар енгізіліп, компания қарқынды дамып келеді. Өзімнің бірлігі жарасқан, кәсіби мамандардан құралған ұйымшыл жұмысшының бір бөлігі болғанымды мақтан тұтамын», - деді Ж.Шахарбаев.

Ұңғымаларды жерасты, күрделі жөндеу – өндірістегі ең ауыр жұмыстардың бірі болғанына қарамастан кейіпкеріміздің бұл салада жеткен жетістіктері аз емес. Қызметкер қоржыны жұмысшы абыройын арттырған мерейлі марапаттар мен алғыс хаттарға толы.

АБЫРОЙЛЫ ЕҢБЕКПЕН ҚҰРМЕТТІ ЗЕЙНЕТКЕ

Зейнет демалысы – қызметтің қиындығы мен қызығын қатар өткеріп, жылдар бойы еткен ақ адал еңбек жемісі. «Қаражанбасмұнай» АҚ-да саланың дамуына елеулі үлес қосқан ардагерлерге құрмет көрсету аға буыннан жас мұнайшыларға жалғасқан игі дәстүр. Бұл жолы технологиялық көлік департаментінің ұжымы Қаражанбасқа 22 жылын арнаған жүргізуші Жәдігер Әділовті өмірдің жаңа белесіне қадам басуымен құттықтады.

Жәдігер Әділов компаниядағы еңбек жолын 2001 жылы автогрейдер жүргізушісі болып бастады. Кейін қызметі жүк тасымалдау көлігін жүргізумен жалғасты. Жұмысына

жауапты маман жылдар бойы кәсіби біліктілігімен, тиянақтылығымен дараланды.

«Қаражанбас менің өмірімнен ерекше орын алған кен орны. Бұл мекеннен адал табыс пен өмірлік достар таптым. Нағыз қайнаған еңбектің ортасында шыңдалдым. Өмірдің ағысымен зейнет жасына да жеттім. Компания әлі де талай белесті бағындыратынына кәміл сенемін!», - деді Ж.Әділов.

Соңғы вахтасын қимастықпен аяқтаған қызметкерге әріптестері құрмет көрсетіп, ән салып, естеліктермен бөлісіп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Зейнеткер де жұмысын жастарға сеніммен тапсырып, ақ батасын берді.



АДАЛ ЕҢБЕК АБЫРОЙҒА БӨЛЕЙДІ



«Біздің жұмыста жауапкершілік бірінші орында тұруы тиіс. Себебі біз мұнай дайындау және айдау цехында өңделген шикізаттан қалған суды жер астына қайта айдау жұмыстарын жүргіземіз. Осылайша жер асты қабаттарының қысымын ұстап тұруға атсалысамыз. Бұл өндірістегі ең маңызды процестің бірі», - дейді кейіпкеріміз.

Бақыттың кілті еңбектен тапқан Мұратбек жастайынан самбо күресін серік еткен балуан. Спорт шеберіне үміткер ертеректе Қаражанбаста өткен қазақша күрес сайысында топ жарған алғашқы чемпиондардың бірі. Өлке өндірісін өркендетуге үлес қосып жүрген жұмысшы үш ұлы мен одан тараған 6 немересіне өз ісіне деген адалдық кез келген маманды биік белестерге жеткізетінін үнемі айтып отырады.

Мұнай өндіру қиындығы мен қызығы мол, жауапкершілік пен кәсіби біліктілікті талап ететін күрделі процесс. Қаражанбаста еңбек ететін мыңдаған мұнайшы күн сайын адал қызметімен ел ырысын еселеуге елеулі үлес қосып келеді. Солардың қатарында қабат қысымын ұстау цехының машинисі Мұратбек Чакенов те бар.

Кейіпкеріміздің Бозашы түбегіндегі еңбек жолы осыдан 35 жылдан астам уақыт бұрын басталды. Бұл «Қаражанбастермнефть» мекемесінде өндіріс жұмыстары жандана бастаған шақ еді. Қызметін компрессорлық қондырғы машинисі болып бастаған Мұратбекке алғашында жер астына ауа айдау жұмыстары жүктелді. Соңғы 20 жыл көлемінде қабат қысымын ұстау цехында слесарь, артынша сорап қондырғысының машинисі болып еңбек етіп келеді. Алдыңғы буын ағалардың тәлімін алып, тәжірибе жинаған ол бүгінде өз ісінің майталман маманына айналды.

КЕН ОРНЫ ТАЗАЛЫҒЫ МҰНАЙШЫЛАР НАЗАРЫНДА

Қаражанбас жұмысшылары компанияда қалыптасқан игі дәстүр бойынша қоршаған ортаға қамқорлық жасап, тазалық акциясын өткізді. Өткен апта соңында кен орнындағы геологтар, механиктер мен инженерлер сенбілікке шығып, орталық инженерлік-технологиялық қызметінің ескі ғимараты ауласын мұнтаздай таза етті.

Әр түрлі бөлімдерден жиналған 40-қа жуық қызметкер таң атысымен жұмысқа білек сыбана кірісті. Олар қолына күрек пен тырма алып, аумақты қоқыс пен арамшөптерден тазартты. Жиналған қатты қалдықтар арнайы қоқыс полигонына жөнелтілді.

«Қаражанбас кен орны біздің тек жұмыс орнымыз емес, екінші үйімізге айналған мекен. Сондықтан осы

аумақтың тазалығын сақтауға атсалысу барлық әріптестер үшін азаматтық міндет деп білеміз. Сенбілік бәрімізді бірлікке бастап, қарым-қатынасымызды нығайтуға жақсы себеп. Мұндай шараларды жыл бойы өткізуге белсенді қатысамыз!», - деді Бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу бөлімінің басшысы Айтжан Сәрсенбаев.



ҚАРАЖАНБАС ЖЕЛҰЯҚТАРЫ АНЫҚТАЛДЫ




«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (ҚМГ) еншілес және тәуелді ұйымдары қызметкерлері арасында «KMG RUN DAY» жүгіру марафонын ұйымдастырды. Осыған орай желаяқтар жарысына қатысуға ниетті «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) қызметкерлері арасында іріктеу кезеңі өткізілді.

Қос вахтадан 50-ден астам жұмысшы кен орны аумағында және 10-нан астам орталық кеңсе қызметкері теңіз жағалауында 5, 10 шақырымға жүгірді. Олар марафондық жүгіру ережелерін сақтай отырып, мәреге бірінші болып жетуге барын салды. Спорт нұсқаушылары жұмысшылардың

жарыс нәтижесін тіркеп, араларынан үздік шыққандарды анықтады.

Қорытындыға сәйкес, пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу цехының электргаздәнекерелушісі Әлібек Құлболғанов 5 шақырымға жүгіру бойынша шашасына шаң жұқтырмады. Ал, 10 шақырымға жүгіруден №1 мұнай өндіру цехының (МӨЦ) операторы Болатбек Урбисинов II орынға, №2 МӨЦ операторы Сабыр Кемелханов I орынға ие болды. Іріктеу кезеңінен үздік шыққандар жақын арада Астанада өтетін марафонда ҚБМ намысын қорғайды.



«KMG RUN DAY»: ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫСЫ ҮЗДІК ҮШТІКТЕ!



ҚМГ корпоративтік орталығы және еншілес ұйымдары қызметкерлері арасында өткен «KMG RUN DAY» жүгіру марафонына ішкі іріктеу кезеңінен жеңімпаз атанған 200 қатысушы бақ сынады. Олар елорданың орталық алаңында 5 және 10 шақырым қашықтыққа жүгірді.

ҚБМ атынан үш қатысушы: 5 км-ге жүгіруден ПЖИЖЦ электргаздәнекерелушісі Әлібек Құлболғанов, ал 10 км-ге жүгіру бойынша №1 мұнай өндіру цехының

(МӨЦ) операторы Болатбек Урбисинов пен №2 МӨЦ операторы Сабыр Кемелханов компания намысын қорғауға тырысты.

Жарыс қорытындысы бойынша Әлібек Құлболғанов 5 км қашықтықты 20 минут 21 секундта бағындырып, жарыстың қола медалін жеңіп алды. Марафонда үздік нәтиже көрсеткен 30 мұнайшы қазан айының соңында Түркістанда өтетін жүгіру жарысында ҚМГ намысын қорғайды.

«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) мұнайшысы Астанада өткен жүгіру марафонында үздік үштікке енді. Пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу цехының (ПЖИЖЦ) электргаздәнекерелушісі Әлібек Құлболғанов «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (ҚМГ) ұйымдастырған желаяқтар жарысында қола жүлдеге ие болды.



«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» КОМАНДАСЫ ФУТБОЛ ЛИГАСЫНЫҢ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

«Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшы-лары Маңғыстау футбол лигасы күзгі біріншілігінің үздік үштігінен көрінді. Жасыл алаңдағы аяқдоп бәсекесінде әр түрлі сала қызметкерлерінен құралған 8 команда бақ сынап жатыр.

Қаражанбастықтар алғашқы кездесуде «Онды» командасымен 3:3 есебімен тең түсті. Одан соң «Aktau Plast» ойыншыларын 2:1, «Альтаирді» 7:4 есебімен жеңді. Кейін «Arcelor Mittal Aktau» аяқдопшыларына 3:6 көрсеткішімен есе жіберді. Ал соңғы кездесуде мұнайшылар турнирдің мықты қатысушысы «Бесшоқы» командасынан 5:1 есебімен басым түсті. Осылайша олар ұпай санымен алға шығып, екінші сатыға тұрақтады.

«Мұнайшылар арасында спортқа да, шығармашылыққа да қабілетті жұмысшылар өте көп. Негізгі қызметімізбен қатар өзімізді жеке тұлға ретінде дамытып, оң нәтижеге қол жеткізуге ниеттіміз. Қаражанбас абыройы әлі талай жарыстың жеңіс тұғырында асқақтайтынына сенімдіміз!», - дейді футболшылар.

«Кіл мықтыда кім мықты» екені анықталатын ақтық сайыстар жақындап келеді. Сондықтан ойыншыларды бәсекеге толы кездесулер күтіп тұр. ҚБМ намысын арқалаған аяқдопшыларға сәттілік пен жеңіс тілейміз!



ҚАЗАН АЙЫНДАҒЫ МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

60 жас

19.10.1963 жыл, Бекқалиев Бурабек Бисалиұлы,
№3 автоізбек

19.10.1963 жыл, Абдуллаев Доғдырбай Құрайышұлы,
Слесарь-механикалық учаскесінің слесарі

20.10.1963 жыл, Мұратов Рүстем Ідірісұлы,
ӨАЦ слесарі

30.10.1963 жыл, Салманов Комсомол Рамазанұлы,
БӨЦ слесарі

50 жас

03.10.1973 жыл, Маханбет Қанат Мұханбедиұлы,
ЭЦ электромонтері

13.10.1973 жыл, Бекарыстанова Шолпан
Тілегенқызы,
Көлік жұмысы бөлімінің аға инженері

17.10.1973 жыл, Бижанов Азамат Ниязбайұлы,
БӨЦ машинісі

20.10.1973 жыл, Қайпин Ергейсін Жексембайұлы,
№2 Ұңғыларды күрделі және жерасты жөндеу цехының
көтергіш жүргізушісі

25.10.1973 жыл, Иманбаев Асқар Мұханбетжанұлы,
№1 Өндірістік қамтамасыз ету базасының слесарі

26.10.1973 жыл, Сонабаева Айгүл Сұлтанқызы,
Коммуникация және өндірістік
қатынастар бөлімінің аға маманы

31.10.1973 жыл, Мирошников Владимир
Владимирович,
Материалдық-техникалық жабдықтау базасының басшысы



Құрметті мерейтой иелері!

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.
Еңбекпен мерейіңіз таси берсін,
Артылып абыроймен беделіңіз!

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» КОМАНДАСЫ ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ЖОҒАРЫ ЛИГА ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ



«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) жұмысшыларының құрама командасы Маңғыстау футбол лигасында жарқын нәтиже көрсетті. Әр түрлі сала қызметкерлері сынға түскен додада қаражанбастық аяқдоп шеберлері II орынға тұрақтап, үздік үштікке енді.

Жоғары лига матчтары 10 кезеңнен тұрды. Мұнайшылар әр кездесуге мықты дайындықпен қатысып, жанкүйерлердің фаворит командасына айналды. Соңғы кезеңдерде қаражанбастықтар «FC Medical» командасымен 2:2 есебімен тең түсіп, «Бесшоқылық» футболшыларға 4:6 голмен есе жіберді. Артынша «Arcelor Mittal Aktau» командасынан 3:1, «Aktau Plast» ойыншыларынан 2:0 есебімен басым түсті.

Осылайша тартысты жарыстар нәтижесінде ұпай саны бойынша «Бесшоқы» чемпион атанып, ҚБМ құрамасы II орынға лайық деп танылды. Ал «Arcelor Mittal Aktau» ойыншылары үздік үштікті түйіндеді. Жеңімпаз және жүлдегер командаларға дипломдар, медальдар мен кубоктар табыс етілді.



«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ
КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

Шығарушы:

«Қаражанбасмұнай» АҚ

Мекен-жайы:

130000 Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы, 9 «а» шағын аудан,
4 ғимарат



Шығарылымға жауаптылар:

Себасов М.Б. – Әлеуметтік жұмыс
департаменті Директорының орынбасары,
Телефон: 8 (7292) 473871

Түзелбай А.А. – баспасөз хатшы
Телефон: 8 (7292) 473072

Исаев А.Р. – журналист
Телефон: 8 (7292) 473002

Газет ҚР ИЖДМ 11.12.15 тіркеліп,
№15740-Г куәлігі берілген

Газет ай сайын шығады
Таралымы 500 дана.

Газет «Adver.kz» ЖШС
баспаханасынан шықты.

Мекен-жайы:

130000, Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы, 3 «Б» ш/а, 55/7 ғимарат
Тел.: 8 (7292) 507 000
Сайт: www.adver.kz